

ЖЕСТОКАЯ ПРАВДА...

Ну что, человек, ты доволен?
Ведь этого ты добивался,
Когда по степи за сайгою
С ружьем бессердечно гонялся?

Когда истреблял поголовно,
Оружием ловко владея,
Тебе тогда не было больно -
Душа не болит у злодея?

И с воздуха бил нас и с суши!
Земля от погони дрожала.
И выстрел закладывал уши,
И в панике стадо бежало....

Детенышей оберегая,
Мы волчьих клыков опасались,
Беда же ждала нас другая,
Как видно, не тех мы боялись.

Кровавое шло лихолетье.
Нелегкая жизнь нам досталась.
За краткое десятилетие
От прошлого крохи остались.

А было нас целое море!
И степь колыхалась волнами,
Когда по тропе к водопою
Нас жажда гнала табунами.

В степях наша жизнь век от века
Привольной была и прекрасной!
А с помощью человека
Закончилась «Книгою Красной....»

*Ирина Деева
с. Коргалжын,
Акмолинская область*



ЕУРАЗИЯ ДАЛАСЫНЫҢ
ТАҢҒАЖАЙЫП ЖАНУАРЫ

Еуразия даласының таңғажайып жануары. Мектеп оқушыларына арналған оқу құралы. / Я.Диркс, М.Г. Жиркованың редакциялауымен, Алматы қ., 2011, 36-бет.

Осы оқу құралының жеке кітап болып баспа бетінде жарық көруіне негіз болған жобаны Урзул Мерц Қорының қаржылық демеушілігімен Германияның табиғатты қорғау Одағы (NABU) әзірлеген. Кітапты дайындауда Қарағанды қаласының (Қазақстан) «ЭкоОбраз» және «Арлан» үкіметтік емес ұйымдары және Грайфсальд университетінің (Германия) бір топ жас ғалымдары ат салысты.

Осы төртінші кезекті шығарылымды Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы (ҚБСА) “Орал популяциясындағы киіктерді сақтауға қоғам назарын аудару” жобасы шеңберінде Mohamed bin Zayed Species Conservation Fund және Winnick Family Foundation демеушілігімен шығарды.



“Алтын Дала” табиғатты қорғау бастамасының қосымша демеушілігі



ОСЫ ОҚУ ҚҰРАЛЫН ШЫҒАРҒАНДАР:

Авторлары: Л. Н. Бушман, Е. П. Варганова, Р. А. Темірғалы, О. К. Шаймұханбетов
Редакторлары: Я. Диркс (Jan Dierks), М. Г. Жиркова
Корректорлары: А. Н. Мигович, Д. У. Садыкова
Суретшілері: Р. Белгібаев, В. Добрых
Дизайнын жасаушы: Р. Белгібаев
Пікірсапаршылары: Г. К. Әлиакбарова - ҚР Білім және ғылым министрлігі
 А. П. Бербер - Қарағанды облыстық орман және аңшылық шаруашылығының аумақтық басқармасы

Кеңесшілер: Дитерих Т. (Til Dieterich), NABU
 Грачев Ю. А., ҚР БЖҒМ, зоология институты
 Мусабаев К.Ш., Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті
 Дүйсекеев Б.З., Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті
 Украинский В.В., Қазақ Ұлттық аграрлық университеті
 Ленк М. (Martin Lenk), NABU
 Украинский Е.В., Қазақстан Республикасының ұлттық экологиялық қоғамы


Кітапта келесі фотосуреттер қолданылған:

- “Бассүйек” - <http://www.dyno.nm.ru> (12 б., үстінгісі)
- Александра Горячевтің – интернет-сайты “Қазақстандағы туризм және демалыс” <http://www.tourkz.com> (12 б., астындығы)
- Игоря Шпиленктың – <http://www.shpilenok.com> (14 б., 16 б., астыңғысы, 17, 20, 22)
- Павла Сорокиннің – <http://www.biodiversity.ru> (16 б., үстінгісі)
- Aline Kühl (23 б.)
- Jean-Francois Lagrot (27, 28, 30, 31, 33 б.)




21 - беттегі сұрақтардың ақиқаты: 1,2,4,7,10

26 - беттегі тапсырма



28 - беттегі тапсырма



ӘДЕБИЕТТЕР

1. Живые сокровища Казахстана (сост. Э. А. Бычкова). Алма-Ата: Казахстан, 1979. - 216 с.
2. Жирнов Л.В. Возвращенные к жизни (экология, охрана и использование сайгаков). М.: Лесная пром-ость. 1982. 224 с.
3. Петрищев Б. И. Пустыне нужны сайгаки. М.: Мысль, 1987. - 125 с.
4. Фадеев В. А., Слудский А. А. Сайгак в Казахстане. Алма-Ата: Наука, 1982.
5. Цаплюк О.Э. Возрождение сайгака. Алма-Ата. 1982. 109 с.

Ұлттық табиғатты қорғау басқармасының интернет сайтының «публикации» бөлімінде (www.saigak.biodiversity.ru) соңғы уақытта әр түрлі баспасөз беттерінде жарық көрген киік туралы мақалаларды таба аласың: «Saiga News» - бірнеше тілдерде жарық көрген басылым; ғылыми-танымдық шығармалар; газет пен журналдардың мақалалары және тағы басқалар. Осы сайттың «Галерея» бөлімінде киікті түрлі бейнесінде фотографиялардан, бейнесюжеттерден және бала шығармашылықтарынан көре аласың.

ТАПСЫРМАЛАР МЕН СҰРАҚТАРДЫҢ ЖАУАБЫ

5-беттегі тапсырма

Ақ құйрық (түрік), сайга (орыс), ақ киік, ақ бөкен (қазақ), бухэн (моңғол), бөкен (қазақ).


8 -беттегі тапсырма

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің орыс тіліндегі аудармасымен сәйкестігі:


- 1-2;
- 2-3;
- 3-4;
- 4-1

9 - беттегі тапсырма


1. Далада 4 киік тығылып қалған
2. Бір-біріне ұқсас киіктер шеңбердің ішінде көрсетілген.




13 - беттегі тапсырма



14 - беттегі тапсырма



18 - беттегі тапсырма



19 - беттегі сөзжұмбақ



Мектеп оқушыларына арналған оқу құралы


ЕУРАЗИЯ ДАЛАСЫНЫҢ ТАҢҒАЖАЙЫП ЖАНУАРЫ

ҚЫМБАТТЫ БАЛАЛАР!

Мамонт пен жүнді керіктің тірі замандасымен танысқың келе ме? Бұл дөңес мұрынды ғажап және көне жануардың аты – киік. Біз саған осы кітаптың беттерін аударып отырып, өте сирек кездесетін жануардың өмірі туралы дерек беретін мәліметтермен танысуға шақырамыз. 1993 жылы қазақ даласында миллионға жуық киік өмір сүрген болса, 2005 жылы олардың саны дүние жүзі бойынша небары елу бес мың шамасында болды.


ТАНЫСЫП ҚОЙ, БҰЛ БІЗДІҢ КЕЙІПКЕРІМІЗ!

Сәлем! Мен сенің жаңа досыңмын!



СЕН ДЕ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУҒА АТСАЛЫСА АЛАСЫҢ ЖӘНЕ КИІКТЕРДІ САҚТАП ҚАЛУ ҮШІН КҮРЕСЕ АЛАСЫҢ

1. Өзіңмен ниеттес достарыңды тауып ал.
2. Киіктер туралы көбірек біліп ал. Ақпаратты сендер газеттерден, журналдардан, теледидардан және Интернеттен (мысалы, www.saigak.biodiversity.ru, www.saigaescue.net, www.iccs.org.uk т. б. сайттарында) таба аласыңдар.
3. Киіктерді сақтау және қорғау бойынша өздеріңнің бағдарламаларыңды жасаңдар. Оған әр түрлі қызмет түрлері кіруі мүмкін: ақпараттық парақшаларды жасау және тарату, акциялар өткізу, балалар өнерінің көрмесін ұйымдастыру, т. б.
4. Көмек сұрап кез келген табиғатты қорғайтын ұйымдарға кел, осы ұйымдарға өзіңде көмегіңді тигіз.
5. Осы іс-әрекеттерге жаңа достарыңды шақыр, қарастыратын проблемалы мәселелердің аясын кеңейте түс.






КИІКТІ НЕЛІКТЕН «САЙҒАҚ» ДЕП АТАҒАН?

Киік сөзінің төркіні татар тілінен алынған. 1769 жылы орыс ғалымы Петр-Симон Паллас тұяқтыларға ресми түрде осы атауды береді. Ол Орынбор губернияларына саяхат жасап жүрген кезінде «жабайы ешкілерді» кездестіреді. Жергілікті тұрғындар - татарлар оларды «сайға» деп атаған. Бетпақдала тұрғынының латын тіліндегі ғылыми атауы - Saiga tatarica.

Киік қазіргі уақытта төрт мемлекеттің аумағында: Қазақстанда, Ресейде Қалмақ елінде, Өзбекстанда, Моңғолияда, сонымен бірге бұрын Түрікменстан территориясында да кездесетін. Әр халықтың бұл аңға берген өз атауы бар. Қазақтар - ақ бөкен, бөкен, ақ киік, киік, өзбектер - сайғақ, түрікмендер - кейик, түріктер - ақ құйрық, қалмақтар - бухин, монғолдар - бухэн деп атайды.




Балалар, мен мына жерде түрлі халық тілдеріндегі бөкен атауларын «жасырдым», қане, тауып көріңдерші!

Т	А	Қ	Қ	Ұ	Й	Р	Ы	Қ	Б	Ю
Б	Е	С	А	Й	Г	А	Л	Ң	О	Р
Ө	Т	О	Ш	А	Қ	К	И	І	К	А
К	Е	Н	Э	А	Қ	Б	Ө	К	Е	Н
Ж	Б	У	Х	Э	Н	Д	Ң	Ү	Ғ	Ұ



ҚАСИЕТТІ КИИК ТУРАЛЫ АҢЫЗ



Ерте заманда бір аңшы өмір сүріпті. Бір күні ол қуаң далаға аңға шығады. Бірақ сол күні оның жолы болмай қояды. Күн ұясына батып бара жатса да, оның қоржынына іліккен аң болмады. Кенет ол үйірінен бөлінген киікті көріп қалады. Қу аңшы ық жақтан ұрланып келіп қараса, оның қоржынына іліккелі тұрған ұрғашы киік екен. Сараң аңшы олжасын босқа жібергісі келмеді. Ол ішінен «Сенде жазық жоқ, менде азық жоқ» деп күбірлеп тұрып, садағының адырнасын тездетіп тартып қалады. Бірақ сыбдырға елең еткен сергек ана өзінің алдында тұрған адамды көргенде тұрған жерінде қимылсыз қатып қалады. Сонда киікке тіл бітіп, былай дейді:

АҚСАҚ КИИК

С. Сейфуллин

Арқаның Бетпақ деген даласы бар,
Бетпақ шөл, ойлы-қырлы панасы бар,
Сол шөлде ел жоқ, күн жоқ өсіп-өнген
Жәндіктің киік деген баласы бар

Мергендер дамыл алмай киікті атқан,
Ауылды қан сасытып топырлатқан.
Киікті ойлай ма екен таусылар деп,
Азайып бірте-бірте келе жатқан!

Киікті қазақ және дейді бөкен,
Бетпақты бұл бейшара қылған мекен.
Бөкенді атып мерген өлтіргенде,
Жазықсыз жан өлді деп ойлай ма екен?

- Құдай үшін, мені өлтірмеші! Менің кішкентай екі лағым бар. Олар менсіз өмір сүре алмайды. Егер сен менің тілімді алсаң, саған бата беремін, сенің жолыңды тілеймін. Сен өмір бойы бақытты боласың. Өтінемін, өлтірмеші!

Бірақ аңшы киікті тыңдамайды. Ол ата-бабалардың: балаларды анасынан айырма, қорғансызды жетімсіретпе, деген ұлағатты сөздерін бір сәт есінен шығарады. Оның үстіне ол үйіне бос қол қайтуға да қорқады. Қас қағым сәтте күн көзіне шағылыса ұшқан садақ оғы жүрегіне қадалғанда, киік үлкен тасқа айналады...

Осы оқиғадан кейін аңшының өмір бойы жолы болмапты дейді.



Қазақстанда киікті зерттеу мен қорғау саласында Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігінің орман және аңшылық шаруашылығы Комитеті, Қазақстанның биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы (ҚБСА), Білім және ғылым министрлігінің Қазақ зоологиялық институты, Сеймар әлеуметтік қоры тәрізді мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар, институттар мен қорлар қызмет етеуде. Сонымен қоса, осы мәселе төңірегінде біздің мемлекетте ғана емес, халықаралық деңгейде жұмыс атқаратын Франкфурт зоологиялық қоғамы (FZS), Құстарды қорғау корольдік қоғамы (RSPB), Халықаралық фауна-флора (FFI), БҰҰДБ (UNDP), Ғаламдық экологиялық қоры (GEF), Киікті сақтау Альянсы (SCA), Лондон Империл Колледжі, Ресей МАВ комитеті, Экология мәселелері және эволюция институты (Ресей ғылым академиясы), Өзбек зоология институты (Өзбек ғылым академиясы), Германия табиғат қорғау қоғамы (НАБУ) бар. Мысалы, осы оқу құралы НАБУ және



Біз бұл ғажайып жануарды сақтап қала аламыз және оны сақтауға міндеттіміз!

«ЭкоОбраз», «Арлан» Қарағанды экологиялық қоғамдық және білім беру ұйымдарының бірлесе отырып жасаған жұмыстарының нәтижесі. Бұл төртінші шығарылымды Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы (ҚБСА) «Орал популяциясындағы киіктерді сақтауға қоғам назарын аудару» жобасы шеңберінде Mohamed bin Zayed Species Conservation Fund және Winnick Family Foundation демеушілігімен шығарды.

ЖЕРГІЛІКТІ ДЕНГЕЙДЕ ҚАНДАЙ ЖҰМЫСТАР АТҚАРУҒА БОЛАДЫ?

Халықаралық және қазақстандық қоғамдық ұйымдардың пікірінше, тек инспекциялық шаралар тиімді қорытынды бермейді, өйткені киіктердің шашырап жатқан табындары еліміздің түкпір-түкпірінде 600 мың шаршы шақырым аумақта жүр.

Тек қана браконьерлікпен күресуді жүргізу емес, сонымен бірге осындай кәсіппен айналысуға мәжбүр ететін жергілікті тұрғындардың нашар экономикалық жағдайын жақсарту жолдарын қарастыруымыз керек. Тұрғындарды қазіргі киіктердің шын мәніндегі жағдайлары жайында, олардың жоғалып кеткен жағдайда не болатыны туралы ақпараттандыру керек. Киіктердің тағдыры біздің өзіміздің қолымызда - міне осының мәнін халықтың жете түсінуі қажет. Браконьерлерді тек айыппұлмен ғана қорқытпай, оларға өздерін

қоршаған адамдардың, яғни туыстарының, достарының оларға кіна артуы айыппұлдан көбірек әсер етеді. Бірақ, осы жерде ескере кететін жәйт - егер жергілікті тұрғындардың бұдан басқа кәсібі, өмір сүруге қаражаты болмаса, бұдан түсетін пайдамыз аз-ақ, жағдайды ауқымды түрде өзгерте аламыз деп айта алмаймыз. Сондықтан бүгінгі күннің осындай мәселесін шешу үшін аумақтардың экономикалық даму бағдарламаларын жасау керек.

Ғаламдық Экологиялық Қор Қазақстан Үкіметімен бірлесе отырып киіктер мекендейтін аумақтарды дамытуға арналған кең көлемдегі жобаны әзірлеуде. Сонымен бірге 2005 жылдан бастап ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қазақстандағы сирек тұяқтыларды, оның ішінде киіктерді қорғау және олардың тіршілігімен танысуға арналған бағдарламасын іске асыру басталды.

КЕЛЕШЕК ҰРПАҚ ҮШІН КИІКТЕРДІ САҚТАП ҚАЛАЙЫҚ!

Иә, біз осы бір ғажайып аң - киіктер туралы көп мәліметтер алдық. Олардың шығу тарихын, ағзаларының ерекшеліктерін, өмір сүру ерекшеліктерін білдік; осы бір жануардың түрінен түсетін экономикалық табысты қарастыра отырып, оны сақтап қалу қажеттілігін түсіндік. Бірақ біздің ең негізгі мақсатымыз - киіктердің табынын көбейтіп, сақтап қалу,

оларды тірідей көру мүмкіндігінен айрылып қалмау және олар туралы ақпарат жинау мүмкіндігін жоғалтпау.

Енді біздің кітапта қойылған ең басты соңғы сұраққа жауап беруіміз керек - **жануардың бұл түрін әлі де сақтап қалуға мүмкіндік болып тұрғанда біз не істеуіміз керек?**



ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕ НЕ ЖАСАЛЫП ЖАТЫР?

Халықаралық табиғатты қорғау ұйымдары киіктің жоғалып кетуі жайында бірінші болып дабыл қаға бастады.

1995 жылы СИТЕС II Конвенциясының (сирек жануарлардың сатылуын реттейтін халықаралық келісім-шарт) Қосымшасына киік енгізілді. 2001 жылы СИТЕС ел-қатысушылары (Қазақстан - 2000 жылдан бері СИТЕС-ке қатысады) киіктің жоғалып кетуі қаупі бар болғандықтан Ресей мен Қазақстаннан киіктердің мүйізін импорттауға, тыйым салуды ұсынды.

1996 жылы бұл түр Халықаралық Табиғат Қорғау Одағының «Сирек кездесетін және құрып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер тізіміне»

енгізілді (ХТҚО). 2004 жылы ХТҚО Жердегі биологиялық сан алуандылықты сақтап қалу мәселесі ішіндегілердің ең маңыздысы осы киік мәселесі деп жариялады.

2006 жылы Алматы қаласында Қоныс аударатын жабайы жануарлардың түрлерін сақтау Бонн Конвенциясы және Қазақстан Республикасының Үкіметінің атынан Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті киіктерді сақтау, олардың санын көтеру және тұрақты пайдалану мәселелерін шешу үшін бірінші халықаралық кеңес шақырды. Киіктерді қорғау мәселелерімен айналысатын бүкіл әлем бойынша 45-тен астам ұйымдар, институттар және табиғат қорғау қорлары жиналып келесі жылдары киіктерді жоғалып кетуден сақтауға не істеу керекін талқылады.



Поэзия саған өзіңнің ішкі сезіміңді сөзбен жеткізуге көмектеседі. Оны жеткізудің әр түрлі тәсілдері бар. Жапон ақындары мынадай амалдарды қолданады:

Кинкваин түріндегі поэзиядан үзінді:

**Дала,
Кең байтақ,
Алға ұмтылуға үндейді,
Бүкіл әлемге өмір сыйлайды, -
Дала.**

Кинкваин түріндегі өлеңдер төмендегіше талданады:

- 1-қатар: ұғым бір сөзбен беріледі;
- 2-қатар: ұғымды екі сөзбен суреттеу;
- 3-қатар: іс-әрекетті үш сөзбен баяндау;
- 4-қатар: сезімді төрт сөзбен суреттеу;
- 5-қатар: бір сөз (бірінші сөз немесе атау үшін метафора болған сөз қайталанады).

Хайку түріндегі поэзиядан үзінді:

**Мен армандадым:
Мен киік болғанмын,
Кең байтақ далада
Шалғынды азық еттім.
Секіріп және ойнақтап.**

Хайку - жапон поэзиясының түрі. Оны мына схемамен көрсетуге болады:


- 1-қатар: «мен армандадым»;
- 2-қатар: мен біреу немесе бірдеңе болғанмын;
- 3-қатар: қайда;
- 4-қатар: іс-әрекет;
- 5-қатар: қалай.



**Сен өлең жазып көрдің бе?
Ендеше, жоғарыда
көрсетілген схеманы
пайдалана отырып, өзіңнің
қабілетіңді сынап көр.**



МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР (ПОСЛОВИЦЫ, ПОГОВОРКИ)



1. Тауда жүрген киіктің көзінен өзге айыбы жоқ.
2. Киікті құралай бүлдірер.
3. Адам ұйымшыл, киік үйіршіл.
4. Киікке өзінен басқаның бәрі жау.

- Сайге все враги, кроме себя самой.
- Сайга отличается глазами.
- Сайгу губит её детёныш.
- Сайгу к табуну тянет, а человека - к людям.

Жоғарыда көрсетілген мақал-мәтелдердің әрқайсысының дұрыс аудармасын тап, және жаңылтпаштарды қайталап көр.

ЖАҢЫЛТПАШТАР (скороговорки)

Тасалап бұтаны,
Киік су жұтады.
Бұта сәл козғалса,
Сезіп қап зытады.

Аудармасы: Спрятавшись за ветку,
Сайгак пьет воду.
Если ветка шевельнется,
Сайгак убежит.


Сайга учит сайгачат скакать по-сайгачи.

ЖҰМБАҚ (Загадка)

Современник мамонта, бегущий быстро,
Дикий житель наших степей.

Мүйізі бар - ешкі емес,
Жүгіргенде жеткізбес.

Енді киік туралы өзіңнің жұмбағыңды ойлап тап.



Сонымен, қырық жыл ішінде, 90-ші жылдарға дейін 5,5 млн. бас киік ауланып, олардан АҚШ долларымен 120 млн. табыс түсті. Соның өзінде бұл жануарлардың санына ешқандай зиян келтірілген жоқ, өйткені олардың саны қатаң есепке алынып және оларды аулаудың биологиялық нормалары сақталып отырды.

Браконьерлер - киіктердің жауы.

Бірақ бұл жүйе 90-жылдардың басында табиғатты пайдаланудың бүкіл кеңес жүйесі сияқты күйреді. Киіктерге аңшылық жасауды және қорғауды бақылау жоғалып кетті. Әр түрлі жеке фирмалар пайда болды, мемлекеттің рұқсатымен киіктердің мүйіздері шекарадан тыс жерлерге шығарылып отырды. Жергілікті тұрғындар мен «олжа аңшылары» мүйізді іздеп далаға ұмтылды. Сөйтіп осы жануарды үлкен ауқымда қыру басталды.

Мемлекет 1998 жылы киікке аңшылық етуге тыйым салды, бірақ бұл тым кеш болды. Браконьерлік тек киіктердің көбісі жоғалғаннан кейін табу қиынға соққанда ғана барып азайды. 1993 жылдан 2003 жылға дейін Қазақстанда киіктердің саны 97,8 %-ға түсіп кетті.

Киік - экономикалық жағынан пайдалы жануар. Бұл түрдің жоғалу қаупі тек сатылудан түскен шығынмен ғана байланысты емес. Киіктің жоғалуы басқа жануарлардың түрінің жоғалып кетуіне әкеледі, өсімдіктердің жамылғысы мен топырағының нашарлауына әкеп соғады.

Басқа тұяқтылардың еш біреуі киіктей шөлді жердің қиындығына икемді бола алмайды.



Әр жылдары жарық көрген газеттердегі ақпараттармен таныс. Не өзгерді?



1976 жыл.

Республикада тек - 1963 жылы құрылған Бетпақдала және 1972 жылы құрылған Ырғыз мемлекеттік аңшылық өндірістік шаруашылықтары киік өнімдерін даярлайды. Кәсіпшіліктің басталуынан бастап 1976 жылға дейін республика бойынша үш миллион үш жүз жиырма бес мың жануар ұсталған. Осы уақытта тұрғындарға киіктің елу төрт тоннаға жуық еті сатылды, былғары өндірісі үшін үш миллионнан астам тері, экспортқа - он шақты тонна мүйіз сатылды.


35 ЖЫЛҒА ЖУЫҚ УАҚЫТ ӨТТІ...35 ЖЫЛҒА ЖУЫҚ УАҚЫТ ӨТТІ

2011 жыл


ҚР АШМ орман және аңшылық шаруашылығы Комитеті мәліметтері.

2008-2010 жылдар аралығында облыстық орман және аңшылық шаруашылығы жергілікті басқармасы, РГКП «ПО «Охотзоопром» мобильді отрядтары және Қазақстан Республикасы ІІМ жергілікті органдарының күшімен киіктерді атудың 38 оқиғасы тіркеліп, 200-ден аса өлік тартып алынды, 38 қылмыстық іс қозғалып, оның 15-іне соттық жаза белгіленді.

Бір атылған киіктің өтемақысы 150-ден 200 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін жетіп, 226000-нан 302000 теңгеге дейін құрайды. Жүкті аналықтарды атқаны үшін қосымша төлемақы алынады. Өлі туылмаған киік төлі үшін 70 АЕК – 105000 теңге төленеді. Киікті аулауға тыйым салынғандықтан, заңды бұзғандар үшін қылмыстық іс қозғалады. Қылмыстық іс бойынша аса ауыр зардап тигізген (екі киікті атқан) қылмыскерге 2-5 жылға бас бостандығынан айыру және бар мүлкін тәркілеу деген айып тағылады.



Бұл далалық экожүйенің сызбасы. Тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас тәсілдердің бірі тамақтану тізбегі. Жетпейтін бағдарларды қойып, тамақтану тізбегінің байланысын көрсет. Ал егер киіктер құрып кетсе тамақтану тізбегі қалай өзгереді?



АДАМ ӨМІРІНДЕГІ КИІКТІҢ МАҢЫЗЫ

Киік - бағалы жануар. 50-ші жылдардың басында Қазақстанда киік мәселесі өзінің оң шешімін таба бастағанда, екінші бір мәселе туындады.

Мыңдаған табындар ауыл шаруашылығына көп шығын әкелді: егінді жеп-құртып, таптап дегендей. Сонда ғалым-биологтар олардың санын реттеу үшін киіктің етін, мүйізін, терісін сататын мемлекеттік аңшылық мекемелерін ашуды ұсынды.

Одан түскен экономикалық табыс ойлағанның да жоғары болды. Киіктің еті Францияның мейрамханалық нарығында жоғары бағаланды, киіктің мүйізі Қытайға сатылып, онда шығыс медицинасы үшін пайдаланылды, ал терісі өте жоғары сапалы былғары жасауда пайдаланылды.



Киіктер осындай жерлерді басып өткен


Мұнан біз киіктің нарықтық бағасы барлық кәсіпшілік жануарлардың бағасынан асып түскенін байқаймыз.



Далада киіктің неше баласы жасырынып отыр?








Суат басында киіктер араласып кетті. Аналары бәрі бір-бірінен айнымайтын лақтарын таба алмай жүр. Киіктерге лақтарын табуға көмектес.





Мен саған төмендегі сызбаны пайдалана отырып, киіктің суретін салып көруді ұсынамын.



Енді өзің тамаша қуыршақты жасап көр. Оны қалай жасауға болатыны кітаптың 11-бетінде көрсетілген.

Жаңа досыңа өзің ұнатқан есіміңді қой. Бөлмеңнің бір бұрышынан оған жайлы орын бер. Онымен сөйлес. Мүмкін ол саған өзінің өмірі туралы, осынау ұшы-қиыры жоқ кең байтақ далада өмір сүретін туыстары жайлы әңгімелеп берер. Егер сенің кішкентай жүрегіңде оған да орын табылса, ол да саған сондай ыстық ықыласпен жауап беретініне еш күмәнім жоқ.



КИІКТЕР ЭКОЖҮЙЕДЕ ҚАНДАЙ РОЛЬ АТҚАРАДЫ?

Киіктер және басқа жануарлар.

Киіктер дала мен жартылай шөлейт жерлерді мекендейді. Кейде ол шөл далада да тіршілік ете алады. Бұл экожүйелерде судың жеткіліксіздігі, топырағының құнарсыздығы, жаздың қатты ыстығы мен қыстың қатты суығы бұл жерлерде өсімдіктердің аз болуына әкеп соғады. Жануарлардың бәрі мұндай климаттық жағдайларға төзе бермейді. Бірақ киіктердің осындай климаттық қолайсыздықтарға төзімшілігінің бірнеше құпиясы бар. Мұндай экожүйеде шөппен қоректенетін жануарлардың ең ірі түрі - киік. Олардың ең маңызды атқаратын рөлдерінің бірі - басқа жануарлар үшін азық болу мүмкіндігінде. Біріншіден, олар жыртқыштар мен өлекселермен қоректенетіндер: Қасқырлар, түлкілер, қарсақтар, шиебөрілер, қырандар, дала бүркіттері, күшігендер. Өліп қалған киіктердің қалдықтары көптеген жәндіктердің дернәсілдері үшін азық.

Киіктер мен өсімдіктер. Киіктердің өсімдіктер үшін де пайдасы өте көп.

Киіктердің нәжісі мен өліп қалғандарының қалдықтарын микроағзалар өсімдік пайдаланатын тыңайтқышқа қайта өңдейді. Сонымен қатар киіктердің өсімдік өмірінде атқаратын аса айрықша рөлі де бар. Ылғалдылығы жеткіліксіз экожүйеде өсімдіктердің сабақтары мен жапырақтары ылғалды ормандағыдай емес, өте көп уақыт шіриді. Сондықтан да өсімдіктердің дамуына кедергі жасайтын қабат пайда болады. Киіктер оларды тұяқтарымен қазып, сонымен қоректенеді де, өсімдіктің әрі қарай дамуына септігін тигізеді.

Суы аз экожүйе аумақтары өте үлкен. Сондықтан өсімдіктерге тигізетін киіктің көмегі ойдағыдай болу үшін, олардың популяциясы, яғни олардың төлдеуі жоғары дәрежеде болуы қажет. Ауа райы қолайлы жерлерде ұрғашылар егіз лақ туады. Көп ұрғашылар бір жасында төлдейді. Еркек малдары бір жарым жастарында көбеюге септіктерін тигізеді. Дала, шөл дала, жартылай шөлейт экожүйелерде киіктердің төлдегіштігі мен күрделі табиғи-климаттық жағдайларға төзгіш болуы өте маңызды.



Аталық киіктердің жекпе жегі

ЭКОЖҮЙЕ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Экожүйе - өз ішінде күрделі өзара қатынас жүйесімен байланысты кез келген тірі жандардың мекендеу ортасы бар қауымдастық. Экожүйені орман да, тундра да, дала да, шөл де құрайды.


Әр экожүйеде белгілі бір жануарлар мен өсімдіктердің түрлері кездеседі. Мысалы орман жануарлары мен өсімдіктерінің түрлерін алайық. Олардың дала жануарлары мен өсімдіктерінің түрлерінен қатты айырмашылықтары бар. Бұл айырмашылық климат жағдайларына, бедердің ерекшелігіне, топырақ құрамына, суының тұздылығына және де осы аумақтың басқа да климаттық табиғатына байланысты болады.

Әр түр осы экожүйенің тіршілігінде белгілі бір қызмет атқарады. Сонымен бірге өзінің экожүйесінде болып жатқан

процестердің белгілі бөлігіне жауап береді. Мысалы, жасыл өсімдіктер күн энергиясын органикалыққа айналдырады, яғни шөппен қоректенетін жануарлардың азығына айналдырады. Ал шөппен қоректенетін жануарларды жыртқыштар азық етеді. Алдыңғылары да, соңғылары да өлгеннен кейін өлекселермен қоректенетіндер үшін, микроағзалар үшін азық болады. Сонымен қатар жасыл өсімдіктер оттегі бөліп шығарады, яғни бұл тірі ағзалардың тынысы үшін қажет зат. Сонымен бірге жануарлардың да өсімдіктер үшін пайдасы бар. Мысалы, құстар ағаштарды құрт-құмырсқалардан қорғайды, микроағзалар жасыл ағаштарға топырақтан керекті заттарды алуға көмек береді. Міне осындай бір-бірімен тығыз байланысып жатқан жәйттерді айта берсек өте көп.




А әрпінен бастап қолыңды үзбей, осы учаскені төрт тура сызықтармен алтыға бөліп көр. Бұл бөліктердің екеуінде бір-бірден ғана талшыбық, тағы екеуінде - екіден, ал қалған бөліктерінде үш талшыбықтан болу керек. 28-беттегі тапсырманы орындап көр.




Саған өзің ұнатқан ойыншығыңды жасау үшін сым, мақта және жіп қажет болады.


1. Сымнан қаңқа жаса (1-сурет).
2. Оны төменнен, яғни аяғынан бастап мақтамен ора.
3. Жіптен өрім тоқы (2-сурет).
4. Киіктің басы болатын жерге, яғни қаңқаның жоғарғы бөлігіне, құлақтарын жасап, салып қой. Оларды ортасынан байланған өріммен бастырып қой да, оның ұштары желкесінің арт жағында орналасатындай тұмсық бойына қойып қой, ал байламын - алдына, мойнына қарай орналастыр. Содан кейін мойнын жіппен орап таста да, жіпті желкесіне өріп қой (3 сурет).
5. Денесін артқы аяқтарына қарай байлап таста. Өрімді жіптің астына қарай тыға отырып, денесіне кесе-көлденең төрт рет сал. (4 сурет).
6. Тұмсығынан бастай отыра, киіктің барлық фигурасын жіппен таңып таста. Мойнының астына кеудесіне қарай сегіздікпен өрімді төрт дүркін өріп таста (5 сурет).
7. Денесін орап тастап, өрімнен - құйрығы болатын - ілмек қалдырып қой. Өрімнің ұшын қарнының астына тігіп таста. Көздері мен тұяқтарын қара моншақтардан жаса.
8. Міне сенің киігің осындай болып шығады (6 сурет).



1 сурет



2 сурет




3 сурет



4 сурет




5 сурет



6 сурет

ТІРІ ҚАЗБА БАЙЛЫҚТАР



Киіктің бас сүйегі күтпеген жерден табылған археологиялық жаңалық

Киік - солтүстік өңірдің жануары. Бұл жануардың бас сүйегі қалдықтарының табылуы XIX ғасырдағы аты шулы оқиға болды. Бірнеше жылдар бойы зерттеушілер киіктердің өмір сүру ортасын азияның шөлді далалары деп есептеп келді.

Бірақ ойда жоқта 1876 жылы ғалым-географ И. Д. Черский Ресейдің солтүстік шығысы мен Якутияда киіктің бас сүйегін табады.

Сондықтан ғалымдар бөкенді өте ежелгі жануар деген ұйғарым жасайды. Осы уақытқа дейін оны тірі қазба байлық деп атайды. Осыдан 250 мың жыл бұрын өмір сүрген киіктің қазіргі замандағы киіктен айырмашылығы жоқ десе де болады. Киіктердің мыңдаған табындары солтүстік

бұғылары, мамонт пен түкті мүйізтұмсықпен және бизондармен көршілес өмір сүрді. Ол Бүкіл Еуропадан бастап Англияның солтүстік батысына және солтүстік шығыстағы Печора өзеніне дейінгі аумақты мекендеді. Ал Азияда олар сібірлік - Ертіс, Енисей, Лена өзендерінің жағалауларынан бастап Мұзды мұхиттағы Новосібір аралдарында да болды. Киіктің қалдықтары Аляскадан да табылған.

Киік жұп тұяқты жануарлар тобындағы өзге аңдардан өзгешеленіп тұрады. Сондықтан көп жылдар бойы ғалымдар киіктің ең жақын «туыстарын» анықтай алмады. Антилопалар ма, бұғылар ма, әлде ешкілер ме? Көпшілік зерттеушілер оны антилопалар мен ешкілерінің аралық тобына жатқызады. Кейбір систематиктер киіктерді қуыс мүйізді жануарлардың тұқымдас тармағына жатқызады. Қорыта айтқанда, көпшілік зерттеушілер оны антилопа қатарына енгізеді.

АҢШЫЛАР МЕН ҚҰРБАНДАР



Киік (петроглиф)


Қазып алынған киіктің көптеген сүйектері ежелгі адамдардың қоныстарында табылған. Кей-бірі сүйектер оттың іздерін сақтап қалған, кейбіреулері кішкентай бөлшектерге уатылған. Демек,

бұдан біз арғы алыс аталарымыздың бөкеннің етімен қоректенгенін байқаймыз. Ежелгі адамның ақ киікке аңшылық жасағанына да ешқандай күмән жоқ.

Соңғы екі жүз - үш жүз жыл ішінде киіктер үшін өмір сүру оңай болған жоқ. Оқпен атылатын қару аңшыны олжалы ете

бастады - оқтан миллиондаған жануарлар мерт болды. Егер де XVII-XVIII ғғ. киіктердің «сарқылмас» үйірлері Еуропа мен Азияның оңтүстік далаларында жайылса, XVIII ғ. басында киіктер осы аймақтардың батыс аудандарында мүлдем жоғалып кетті. XIX ғ. Ресейдің еуропалық бөліктерінің оңтүстік далаларын жер жырту мен аңшылықтың дами бастауы мақсатында адамдар қарқынды түрде мекендей бастайды. Осындай жағдайлар киіктердің бұл аймақтардан алыстап кетуіне себеп болды.

Киіктерді оның дәмді еті үшін ғана емес, қымбат бағалы мүйізі үшін де аулаған. Оның мүйізін Қытайға дәрі-дәрмек жасайтын шикізат көзі ретінде сатып отырған. XX ғ. басына қарай киіктер тек Төменгі Еділдің шалғай жатқан оң жақ жағалауы мен Қазақстанда ғана сақталған.



Старт

Мәре

Браконьерлер

Табын браконьерлерді кездестірді! Айналып өт!!

Өзен

Өзеннен өту көп күштің жұмсалуына әкеледі. Жүруіңді тоқтата тұр!

БАЛЛАР КӨЛІ

«Балалар бақшасы»

Лақтарға демалу керек. Жүрісіңді тоқтата тұр!




Табиғатты қорғау аймағы

Үш қадам алға қарай жүр!

Өзің көріп отырсың, киіктің өмір жолы қиын-қыстау кезеңдерге толы. Оларға көмек беру үшін сенің табынның «басшысы» болып, қыстаудан жайлауға, одан кері қайтып алып келуге мүмкіндігің бар.

Сенің алдында «Қазақстан картасы» деген ойын алаңы бар. Ойынды бастау үшін ойнайтын кубик пен әр түрлі фишкаларды алуың керек. Егер олар болмаса, өзің қағаздан жасап ал. Енді достарыңды ойнауға шақыр да, АЛҒА!

ОЙЫН “МӘҢГІЛІК КЕЗБЕЛЕР”



Ежелгі аңшылар жабайы жануарлардың іздерін бірден танитын болған, ал сен суретте қандай жануарлардың іздері көрсетілгенін айта аласың ба?



АДАМНЫҢ ҒАЖАЙЫП ІС-ӘРЕКЕТІ



Жайылып жүрген табын

1919 жылы жарық көрген заң киіктерді аулауға қатаң тыйым салды. 40-жылдардың соңында киіктердің саны кәсіпшілік деңгейге ғана жетті. Осы жылдары киікті зерттеп, үйрену бойынша кең түрдегі зерттеу жұмыстары жүргізіліп, оны тиімді пайдаланудың ғылыми негіздері әзірленді. 1951 жылдан Төменгі Поволжьеде, 1954 жылы Қазақстанда киік кәсіпшілігіне рұқсат беріледі. Ондағы киіктің саны орта есеппен 1 млн басқа жетті. Бұл көрсеткіш 100 жыл бұрынғы олардың санына тура келді. XX ғасырдың 80-жылдарына дейін киіктердің саны 1,5-2 млн басты көрсетіп отырды. Кең байтақ даланы мекендейтін тұяқты жануар-

лардың көп санды табындарының түрлері оларды көрген адамды таң қалдырды. Бір табынды қызықтап үлгермей, оның орнына басқасы келіп, өздерінің сұлулығымен көздің жауын аларлықтай болды. Міне, осындай керемет жағдай 3-4 күнге дейін өзінің жалғасын тапты. Киік санының артуы азиялық бөлікте де айтарлықтай байқалды. Сондықтан Германияның жабайы жануарларды қорғау ұйымының энтузиасты Бернгард Гржимектің бастамасымен киіктердің қайта көбеюін адам қолы жасаған керемет деп атай бастады.

Алайда өткен ғасырдың соңына қарай ғалымдар қайта дабыл қаға бастады. Киік саны жыл өткен сайын азая берді...


Ғасырлар бойы табындар өздерінің үйреншікті жолдарымен жүріп отырған. Бірақ адамдардың киік мекендейтін жерлерге аяқ баса бастаған шағынан олар басқа жақтарға ауа бастады. Өйткені ірі суландыру жүйелерінің құрылыстары, пайдалы қазбаларды игеру, құбыржолдарын салу, көлік жолдарын салу - міне осылардың әсерінен киік жүретін, өрістейтін жерлер жылдан жылға азайып кетті. Олардың өміріндегі қиын-қыстау күндердің тууына басты себепші болды.

Мысалы, мыңдаған табындар терең арнаға келіп қалды делік, табиғи өзендерге жайлап барып түсуге болады, ал арналардың жағалаулары биік, оған жануар қалай барып түседі? Немесе мұнай құбыржолына келсе, олар қалай оны секіріп өтеді? Содан киік басқа айналма

жолдарды іздеп кетеді, көздеген жеріне жеткенше біреулерін көлік басып кетсе, біреулері жол бойында туып жатады. Қоректің болмағанынан біразы қырылып қалады, ауруға шалдығады, яғни өмірі мәз емес. Көбінесе олар жырқыштардың кесірінен өлімге ұшырайды.

Қайтар жолы болмай, киіктер тар жол, тайғақ кешу өмірін кешеді. Қауіп төнген кезде көкжиекке қарай жүгіріп, жаңадан төніп тұрған қауіпті сезгенде басқа жаққа қарай кері жүгіреді. Мұндай жағдай жүйке жүйесін тоздырады. Үнемі жүгіру үшін көп күш керек, олардың қоректеніп, жегендерін қорытуға уақыттары да болмайды. Күздің кезінде күш, май жинамаған киік қыстан өзер шығады, бір мәселе басқа бір мәселені әкеледі де тұйық шеңбер құрайды.

Қазақстандағы киіктер санының өзгеруі



Киіктердің тіршілік ету аумақтары

«МӨҢГІЛІК КЕЗБЕЛЕР»

Киіктер өмір бойы көшіп-қонып жүреді. Олардың жүйрік аяқтары ауа райының қолайсыз жағдайларынан, аштықтан, жыртқыш аңдардан сақтайды. Тіпті көктемде, шөптің өнді ғана бой көтере бастаған кезінде де киіктер көпке дейін бір орында тұрмайды. Киік табындары күніне 20-30 шақырымға дейінгі қашықтықты басып өте алады. Олар жайылым жерлерін үнемі ауыстырып отырады.

Күз уақытында, қыс басталар кезде киіктер қары жоқ немесе қары аз оңтүстік жерлерге қарай кетеді. Көктемде, қар ери бастаған кезде киіктер солтүстікке қарай жылжиды. Табынға мыңнан он шақты мыңға дейін киіктер жиналады да, өрістейді. Жануарлардың осылай кезуін көші-қон (миграция) деп атайды.

70-80-ші жылдары киіктердің Торғай-Бетпақдалалық тобының көші-қон жолдары оңтүстіктен солтүстікке және кері мыңдаған шақырымға созылатын. Республиканың

солтүстігіне киіктер екі кезеңмен жылжыған: жануарлардың бір бөлігі Шу өзенінен Бетпақдала арқылы Көктас өзеніне қарай, одан Теңіз көліне қарай кеткен, ал негізгі бөлігі батысқа немесе солтүстік-батысқа қарай беттеген. Киіктер Сарысу өзенін өтіп Қалмаққырған өзеніне дейін барып, онда Арысқұм мен Арал маңындағы Қарақұмда қыстап шыққан жануарлармен қосылады.

Нәтижесінде көші-қонға ұшырап отырған осы екі жануарлар тобы солтүстікке барып, шығыста Нұра өзенінен бастап, ал батыста Қарабұтақ деген ауылына дейін Қазақстанның орталық бөліктерін мекен ететін.

Күзде киіктер оңтүстікке қарай өздерінің бұрын басып өткен жолымен кері жылжыған, жануарлардың біразы Үстіртке, Арал маңындағы Қарақұмға, Арысқұмға, Сарысуға, ал көбісі - Бетпақдала шөлдеріне қыстауға баратын.




Көшпелі табындар

БОЛАШАҚ ҰРПАҚҚА АМАНАТ

2011 жылғы есеп бойынша жер шарындағы киіктердің саны 116 мыңды көрсетті. Олар төрт мемлекеттің аумағында тіршілік етеді. Солардың ішіндегі 8 мыңы Моңғолияда, Қалмақ елінде 6 мыңға жуық, ал ең көп саны – 102 мың киік Қазақстанда мекендейді. Қазақстанда олар өздерінің үш түрлі жеке популяциялары бойынша мекендейді. 6 мыңға жуық Үстірттік түрі Үстірт жазығын мекендеп, қыс уақытында көршілес Өзбекстан мемлекетіне қоныс аударады. Келесі Оралдық түрі 18 мыңды құрап, Еділ мен Орал өзендерінің қазақстандық

бөлігіндегі аралығында кездеседі. Ал Бетбақдалалық түрінің саны 78 мыңға жуық. Киіктердің осы тобы дүние жүзіндегі ең үлкен топ болып табылады. Осыдан 20 жыл бұрын ғана олардың жарты миллионға жуық түрі есепке алынған. Олар Қазақстанның Арал теңізінен Балқаш өзеніне дейінгі орталық бөлігінің аумағында мекендеген. Бүгінгі таңда негізгі киік табындары Торғай мен Ұлы-Жыланшық өзендерінің айналасында, Теңіз өзенінен оңтүстік-батысқа созылған далада және Бетбақдаланың шөл даласында кездеседі.

**Еуразияда киіктер мамонт пен түкті мүйізтұмсық, жабайы аттар мен жабайы сиырлардан көп өмір сүрген...
Енді міне олардың құрып кету қаупі қайта төніп тұр.**



КИИККЕ ПІЛДІҢ ТҰМСЫҒЫНДАЙ ТҰМСЫҚТЫҢ НЕ КЕРЕГІ БАР?

Киіктің икемсіз, толық, мығым денесі, жіңішке және біршама қысқа аяқтарына қарап оны ешкіге ұқсатуға болады. Ал енді басы ерекше: бет жағы іскен тәрізді қабарған, тұмсығын бойлай терең әжіммен екіге бөлінген жұқа терімен жамылған пілдің тұмсығына ұқсайды. Оның ұшында астына қарап тұрған және бір-біріне өте жақын орналасқан кең, домалақ танау. Жай қалыпта тұрған кезде кәрі жануарларда тұмсықтары төменгі жақ сүйекке бірнеше сантиметрге салбырап тұрады, ал жүгіргенде немесе жүргенде оңды-солды теңселіп тұрады.

Пілтұмсық мұрын - қызығарлықтай әшекей емес, бірақ өте пайдалы. Өйткені киік басын жерге салбыратып жүгіреді ғой, оның жылдамдығы сағатына жетпіс шақырымға, ал ұзақ қашықтықта елу-алпыс шақырымға дейін. Міне осындай кезде киікке пілтұмсық өте қажет. Оның мұрны респиратор қызметін атқарады десек те болады. Онда жұтып алынған ауа шаңнан тазарады, ал суық ауа райы кезінде тыныс жолдарына түскенше ауа аз да болса жылытылады.



Киіктің тұмсығы

ТАҢҒАЖАЙЫП ЖАНУАРДЫҢ ТАҢҒАЖАЙЫП ҚАБІЛЕТТЕРІ

Киік тек өте жүйрік жүргіш қана емес, сонымен бірге ол өте тамаша жүзгіш. Ол жарты шақырымды, керек болса, одан да көп ара-қашықтықты жүзіп өте алады, сондықтан ол ешқандай қиындықсыз кең өзендерді жүзіп өтеді. Сусыз дала мен шөлдерді мекендейтін жануардың осындай қабілеттеріне таң қаласың.

Киіктердің иіс сезу қабілеті жақсы дамыған: олардың өмірінде иістің үлкен мәні бар. Иіс арқылы анасы балаларын тауып алады, иістің көмегімен жеуге жарамды өсімдіктерді таңдайды; тіпті төніп тұрған қауіптің өзін олар иіс арқылы сезеді. Бұл жануарлардың есту қабілеттері де жақсы дамыған, өте сақ. Сезгіш құлақтары естілер-естілмес үндерді естіп қояды:

кепкен өсімдіктердің сыбдыры немесе дүбір бойынша олар өздеріне тақап келе жатқандардың дос па әлде қас па екенін біле алады.



Енелері мен балалары


ҚАУІПТЕР, АУРУЛАР, ЖАУЛАР

Киіктердің өмірі қауіп-қатерге толы. Адамнан басқа, киіктерге ауа - райы жағдайлары да өзінің теріс әсерін тигізуі мүмкін. Жұт кезінде мыңдаған табындар жойылады. Жұт дегеніміз - ауа райының қолайсыздығынан табынның қырылып қалуы: қардың өте қалың және тығыз болуы, көк тайғақ, созылмалы борандар, бораннан кейін болатын аса қатты желдер.

Тұяқтылардың өте көп шоғырланған жерлерінде олардың аурулардан да өлім-жітімге ұшырауы байқалады. Әсіресе

аурудан көбінесе жаңа туған әлсіз жас лақтар көп шығынға ұшырайды. Ауа-райының қолайлы жағдайларының өзінде де жас киіктердің төрттен бір бөлігі қаза тапса, ал аусыл, сарып, пастереллез сияқты індеттерде тең жартысы қырылып қалады.

Бұлардан басқа, киіктердің нағыз қас жаулары да бар. Олар - жауыз қасқыр мен қу түлкі, алғыр үй иті мен қыран, дала бүркіті. Бұлардың ішіндегі ең қауіптісі - қасқыр. Қасқырлардың үлкен емес үйірлерінің өзі - киік табынына көп шығын әкеледі.



Сенің ойыңша, мына деректердің қайсысы шын, қайсысы жалған?

1. Киіктің жылдамдығы 70 км/сағатқа дейін жетеді.
2. Киіктің мүйіздері өте бағалы.
3. Киік тауларды мекендейді.
4. Киік шөппен қоректенеді.
5. Киіктің ұрғашысы өмірге тек бір ғана лақ әкеледі.
6. Киіктің таралуы өсу үстінде.
7. Киіктің негізгі жауы - адам.
8. Табынның басшысы - еркек киік.
9. Киіктер жүзу білмейді.
10. Мүйіз тек еркектерінде ғана болады.



«РЫЦАРЬЛАР ТУРНИРИ»



Аталық киіктердің жекпе-жегі

Күздің аяғына қарай киіктер оңтүстікке қарай кетеді де, желтоқсанның басында олардың шағылысу мезгілі басталады. Бұл уақытта еркек киіктер өздеріне тән киімін кигендей болады: көздерінің астында «бакенбард» тәрізді ұзын жолақ пайда болады, мойындарының жүні мойын жіп тәрізді қараяды. Олардың арасында турнирлер басталады, олар бір-бірінің күштерін сынайды.

Күші бойынан тасып тұрған екі аңның күрес-таласын тамашалаған өте

қызықты. Олар бір-бірінен бірнеше қадамға алыстап барып, үлкен жылдамдықпен бір-біріне қарсы жүгіріп, бар күштерімен мүйіздерімен айқасады. Олар мүйіздерімен айқасып, тұяқтарымен тіреліп, бір-бірімен ұстасуларын одан әрі жалғастырады. Өрқайсысы бастарын бұру арқылы бір-бірін жықпақшы болады, жеңімпаз жеңіліп қалғанның денесін мүйіздерімен ұрып, ұрыс майданынан қуып шығуға тырысады. Ұрғашылары ұрысты жай ғана бақылап тұрады.

Ең күшті еркек мал «гаремнің» иесі болады. Нәтижесінде 200-500 жануарлардан тұратын аралас табындар ұрғашылары мен осы жазда туған лақтарымен қоса санағанда 10-30, ал еркегі біреу болатын ұсақ - «гаремдеріне» бөлініп кетеді. Еркек мал өзіне бөлініп алынған табынға ие болады, ұрғашыларының кетіп қалмауын және өздерінің отбасы жоқ басқа мүйізділердің қол сұғушылығынан қорғайды.

«ПЕРЗЕНТХАНАЛАР»

Қыста киіктер қары жоқ немесе оның қалыңдығы 15-20 см-ден аспайтын жерлерді мекендейді. Осы жерден, оңтүстіктен, наурыз айында немесе сәуірдің басында құстар сияқты солтүстікке қарай аттанады. Осы уақытта ұрпақ әкелетін ұрғашылары тыныш орындарды іздеп, алыс шеттерге яғни өздеріне қауіпсіз жерлерге кетеді. Мамырдың басында осындай «перзентханаға» жиналған ұрғашылардың лақтары пайда бола бастайды. Ұрғашы ең бірінші лағын бір жасында әкеледі, бір жастан асқан ересек ұрғашылар көбінесе екі лақтан әкеледі.

«Перзентханаларды» ұрғашылар шөбі қысқа немесе шөпсіз жерлерге орналастырады. Бұл учаскелер тез жылынады, мамыр айында болатын суық шықтар күннің бірінші сәулелерінде-ақ кеуіп кетеді. Жаңа туған, бір-екі күндік



Азықтандыру

лақтар топырақтың үстінде көрінбей жатады. Қауіп төнгенде олар тығылып, көздерін жұмып, мойындарын созып немесе домаланып жатады. Мұндай лақты екі-үш қадамнан да көрмей қаласың. Лақтары кішкене аяқтана бастағанда, киіктер жайлауға қарай жол алады.

ҚЫС ПЕН ЖАЗДА ҚАНДАЙ ТҮСТЕ?

Қысқа қарай киіктер ұзындығы жеті-он сантиметрге дейін жететін бір тектес ашық түсті қылшықты тон киеді. Ал көктемде жануарлар қысқы тондарын шешіп, олардың түстері сары я қызыл қошқыл түске боялады, арқасы және бүйірі сары-сұр түсті, құйымшақтары қоңыр түстенеді. Қарны, аяқтарының ішкі жақтары, мойындары ақ болып қалады. Мұндай түстер оларға қыста қарлы шөлдің, ал жазда сары-сұр болып кеуіп қалатын шөлде өсетін өсімдіктердің арасында көрінбей қалуларына көмектеседі.

Киіктің терісі жазда қысқа болып, оның ұзындығы - 1,5-2 см, қыста керісінше, ұзын - 10 см-ге дейін жетеді. Денесін көмкеріп тұратын қылдарының іші бос, олар сынғыш, бірақ қалың және кедір-бұдыр болады. Олар бір-бірімен ұстасып, қыл жамылғысын өте тығыз етеді. Сондықтан да оған даладағы боранды желдер қорқынышты емес. Тіпті қатты

аязды күндері бұл жануарлар қарды аршымай жата береді. 40 градус ыстықтан 50 градус аязға дейінгі температураның құбылуын олар біршама оңай көтереді.



Ұрғашы бөкен

БӨКЕННІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Ересек ірі жануарларының салмағы 60 кг-нан аспайды, орташа есеппен алғанда еркектерінің салмағы 45 кг, ал ұрғашыларыныңкі - 30-35 кг шамасында болады. Денесінің ұзындығы 100-145 см, биіктігі - 55-80 см. Көп жануарлар сияқты киіктердің ұрғашылары еркектерінен кіші болып келеді. Киіктердің лақтары 3,5-4,5 кг салмақпен туылады, өте жылдам өседі, бір айдан кейін олардың салмақтары 12 кг жетеді, үш айға қарай - 20 кг болады. Киіктердің өмір сүру ұзақтығы - 7-8 жыл, 12 жылға дейін сирек болады.

Мүйіз тек еркектерінде ғана болады. Мүйіздері шамамен екі жасқа дейін өседі; олар жартылай мөлдір, ашық балауыз түсті, тек ұштары ғана күрең болып келеді. Бас сүйектерінде олар алшақ және тік орналасқан, кішкене ғана артқа қарай майысқан, ал жоғарғы жағы жайлап қана алдына қарай майысқан. Мүйіздің жоғарғы жағы бір тегіс, үшкір. Олар бақталастармен жекпе-жекке шыққанда қару ретінде қызмет етеді.



Киіктің аталығы

Ежелгі заманғы үңгірлерде алғашқы қауым адамдарының сызған суреттері сақталған. Олар суреттерді тастан жасалған құралдармен тегіс тастарға ойып салған. Қатты тау жыныстарының кішкентай кесектері бірінен соң бірі қағылып, оның бетінде алғашқы адамдардың аңшылық еткен жабайы жануарлардың бейнелері пайда бола бастаған.



Ал сенің осындай суретті таста емес, тек қағаз бетінде салғың келеді ме?

Сұлбада көрсетілген ОХ және ОУ координаттар жүйесін сыз. 37 нүктенің орындарын тауып, сызық арқылы оларды біріктіріңіз. Қандай жануардың бейнесі шықты?

Бұл суретті сен қағаздан қаңылтырға көшіруіңе болады. Бұл үшін саған қаңылтыр консерві қақпағы, шеге және балға қажет болады.

(X;Y) - (1;19), (6;21), (10;21), (14;22), (17;22), (16;24), (17;24), (18;25), (20;26), (21;27), (21;25), (22;24), (23;23), (24;20), (22;19), (21;20), (19;20), (18;20), (17;15), (15;14), (16;8), (15;6), (15;1), (14;1), (14;6), (14;11), (13;14), (8;14), (5;8), (7;4), (9;1), (8;1), (7;2), (3;8), (4;11), (2;15), (1;19).

КИІКТЕР ҚАЙДА ТҰРАДЫ?

Киік тығыз тасты немесе саз балшық топырақтары бар шөл даланы және жартылай шөлейтті, жазық далаларды мекендейді. Ол тауы бар жерлерден ғана емес, сонымен бірге жыра аңғар және алаптары бар жерлерден қашып жүреді. Бірақ олар жылы жаққа ауысқанда, жер ауыстырғанда осындай жерлерден өтуге мәжбүр болады. Киіктерді құмды жерлерде де кездестіруге болмайды. Тек қыстың қақаған қатты аяздарында өте суық

желдерден сақтану үшін бірлі-жарым тал-шіліктері бар ойлы-қырлы құмды жерлерге келеді. Киіктердің жазық жерлерде мекендеуі олардың денелерінің құрылысына және жазық жерлерде жүгіруге арналған тұяқтарына байланысты. Мұндай жүгіруде киік жылдамдығын 70 км/сағатқа дейін жеткізеді, бірақ аттамалы жерлерде киік тіпті тар жолды орларды секіріп өте алмайтын кездері де болады.

КИІКТЕР НЕМЕН ҚОРЕКТЕНЕДІ?

Орталық Қазақстанда киіктердің «дастархан мәзірі» мезгіл сайын ауысып отырады. Қыста олар шөптердің бірнеше түрімен қоректенеді: баялыш, қылша, изен, бұйырғын, жусан сияқты шөптер. Көктемде «қорекке» талғампаз болып келеді, жусан,

арпабас, рауғаш, ақ сасыр, сораң, бидайық сияқты шөптермен қоректенеді. Жазда киіктердің «үстелі» едәуір байып, шөптердің 58 түріне дейін жетеді. Күзде шөптердің көбісі қатқылданғанда, киік ылғалы бар жусан, сораң, қылша, мия шөптерін қорек етеді.

КИІКТЕР ШӨЛІН ҚАЛАЙ ҚАНДЫРАДЫ?

Киіктер өте төзімді, шыдамды жануарлар. Қыста олар шөлдерін құраған шөптерді жұла отырып, қармен қандырады. Көктемде және жазда олар көпке дейін су ішпей-ақ, ылғалды жасыл шөптермен бірге алады. Дегенмен, олар сусыз тіршілік ете алмайды, сондықтан суы жоқ жерлерде көпке дейін жүре алмайды.

Суат бойы киіктерге қауіпті болғандықтан, олар суға ақырындап

келеді. Суға біраз жер қалғанда олар тоқтап, жан-жақтарына қарап барып таяйды. Табынды ересек ұрғашы бастап келеді. Егер қауіп болмаса, олар суға келеді. Табын саны көп болғанда олар топ-топ болып алмасып отырады. Бірінші келгендер жағадан іше береді. Су ластанған сайын, киіктер жағадан алыстап, кейде жүзе жүріп, бастарын көлденең ұстай, астыңғы ернін түсіре отырып су ішеді. 1,5-4 минут шөлдерін қандырады.

Сөзжұмбақты шешіп өз біліміңді тексеріп көр.



1. Қай халық жабайы ешкілерді «киік» деп атаған?
2. Киіктер қандай отрядқа жатады?
3. Киіктер сексеуіл мен бұталы құмға беттесе не болады?
4. Киіктердің негізгі көрігі
5. 1876 жылы Якутияда киіктің бас сүйегін тапқан ғалым?
6. Киіктің үйірін суатқа бастайтын ...
7. Киіктер қалай жайылады?

